

**Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округінің "Лазарев и К"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде карантиндік іс-шаралар белгілеу туралы**

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 27 қарашада № 5-8-186 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 4 ақпандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округі әкімінің 04.02.2019 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 - бабының 2-тармағына сәйкес және Бородулиха ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 16 қазандағы № 753 ұсынысы негізінде, Новошұльба ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округінің "Лазарев и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ірі кара мал ауыл шаруашылығы жануарларының арасында қарасан ауруына қарсы ошақты жою және қарсы ветеринариялық - санитариялық іс-шараларды өткізу үшін карантиндік іс-шаралар белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошұльба ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының

нормативтік - құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) оның ресми жарияланғанынан кейін осы шешімнің Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Новошұльба ауылдық
округінің әкімі*

К. Қарымова